

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған
«Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін
калыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШНІҢ ШҚІРІ

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызы «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасындағы бағыттарға сай келеді. Сонымен қатар, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көрсетілген болашақ мамандардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру бағытындағы құнды еңбек болып табылады.

Докторант М.С.Султанмурат өз жұмысында ғылыми негізделген тұжырымдарын ұсынған:

Бірінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы: зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «лидер», «лидерлік», «коммуникация», «коммуникативтік лидер», «жаратылыстану мамандығы студентінің коммуникативтік лидерлігі» ұғымдарының мазмұндық сипаты мен өзара байланысы нақтыланған.

Екінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы: жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың жүйесі мен әдіснамалық тұғырлары және педагогикалық мүмкіндіктері нақтыланған;

Үшінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы: жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі даярланған;

Төртінші ғылыми нәтиженің тұжырымдалуы: жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру әдістемесі жасалынып, оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілген.

Жаратылыстану мамандықтары студенттеріне арналып «Көшбасшылық теориясы» элективтік курстың оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені жасакталып, оқу үдерісіне ендірілген, зерттеу барысында пайдаланылған.

Диссертациялық зерттеу проблемасының теориялық мазмұнын айқындауда лидерлік, коммуникативтік және коммуникативтік лидерлік мәселелері бойынша философия, психология, педагогика салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеу жұмыстарына талдау жасаған.

Ізденушінің зерттеу жұмысын орындаудағы ізденімпаздығы мен жауапкершілігін жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігінің толық ашылғандығынан байқай аламыз.

Зерттеу жұмысының құндылығы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері арқылы ашылған. Атап айтқанда, тұлғаның дамуы, теория мен практиканың бірлігі туралы философиялық идеялар, қоғамдық даму құбылыстарын зерделеудегі тұлғалық-әрекеттік қатынас қағидалары, жоғары білім жүйесі туралы қағидалар, лидерлік, коммуникативтік лидерлік туралы теориялық тұжырымдар.

М.С.Султанмұраттың зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының, қорытындыларының негізділігі мен шынайылығын, оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталған, зерттеу әдістерін тиімді пайдаланылған, тұжырымдалған әрбір нәтижелер практикалық тұрғыда дәлелденген, зерттеу барысында алынған мәліметтер сандық және сапалық талданып, зерттеу жұмысына қорытынды жасаған.

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының диссертациялық жұмысы әлемдік деңгейде көкейкесті проблеманы шешуге бағытталған, алынған нәтижелері ғылыми-практикалық тұрғыда құндылығы жоғары диссертация.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында ізденуші М.С.Султанмұрат өзінің жоғары жауапкершілігін, ғылыми ізденіске бейімділігін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу барысында ақпарат көздерін тиімді пайдалана білетіндігін, ақпараттарды талдау мен жүйелеуді логикалық тұрғыда бірізділікпен тиянақты іске асыра білді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалармен мазмұндалған.

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдамалары отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өз бетінше орындаған зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған. Ізденуші ғалым ретінде М.С.Султанмұрат білімді, ізденімпаз, ұстамды, ойлау қабілеті жоғары, білімді, коммуникативті, кәсіби құзыреттілігі жоғары білікті маман.

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынған М.С.Султанмұраттың «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған және қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің

профессоры,

педагогика ғылымдарының докторы



РАСТАЙМЫН:

Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы

Қолын
К.М.Беркимбаев